# Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 390-ө Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1)»"Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін мұнай-газ кен орындарын игеру кезінде өндірілетін күкіртті өндіру, тасымалдау, сақтау және кәдеге жарату мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 200-ө өкіміне:

жұмыс тобының құрамына:

Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, жетекші енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы шығарылсын;

2) "Солтүстік Каспий жобасын іске асыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 шілдедегі N 208-ө өкіміне:

жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, жетекшінің орынбасары

Құсайынов Марат Әпсеметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Қонақаев Саяхат Алпысұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Жер қойнауын пайдаланудағы тікелей инвестициялар департаментінің директоры, хатшы;

көрсетілген құрамнан Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы, Супрун Виктор Васильевич, Ноғаев Нұрлан Асқарұлы шығарылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың проблемалары мен перспективаларына кешенді талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын

құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 208-ө өкімі ;

2) "Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының имплементациясы бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 28 қарашадағы N 342-ө өкімі .

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК